

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ**  
**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҰЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТИ**  
**МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША**  
**АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**  
**№ 3 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

Түркістан қаласы

29.12. 2022 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы -доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал- аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, академиялық персонал- түлек Маматжанов Шукуржан Нематжанұлы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тындалды:**

**АК төрағасы К.И.Усманов:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде, ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Сөз кезегін АК мүшесі, PhD Ж.С.Еркишева алды:** бірінші мәселе бойынша Математика және статистика даярлау Бағыты бойынша ББ мазмұнын қайта жобалау тақырыбына АК мүшелерімен бірге дәстүрлі түрде семинар ұйымдастырылады. Семинар барысында ББ мазмұнын жобалаудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, көсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дискреторларды қоса алғанда, маманның құзіреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзіреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыйды.

**АК мүшесі, академиялық персонал PhD Ж.С.Еркишева :** екінші мәселе бойынша, Математика және статистика даярлау Бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалауда университет тарапынан «ББ ішкі аудитін ұйымдастыру. ББ мақсаты мен оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау» жайлы ұсыныстарды басшылықта алдық. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесіне сай оқыту нәтижелері болуы керек деп көрсетілген, олар:

- 1) Еңбек функцияларына бағдарланған;
- 2) математика және статистика бағытының бейініне қатысты күрделілік пен пәнаралық байланысты ескеру;
- 3) еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған;
- 4) «икемді» дағдыларды қосылған (soft skills) болуы тиіс.

ББ ішкі аудиті барысында түлектердің еңбек функциялары, soft skills дағдылары және еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктері жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелерінде және кәсіби стандарттар негізінде анықталады.

Оқу нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің шамамен тізімі берілді:

*Білімді ашу үшін қолданылатын етістіктер:*

Анықтау, сипаттау, санау, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарастау, алу, анықтау, көрсету, атап.

*Түсінуді ашу үшін қолданылатын етістіктер:*

Қорытындылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, карама-қайсы қою, түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, иллюстрациялау, талқылау, болжау, ұсыну, аудару, таңдау.

*Шеберлікті ашу үшін қолданылатын етістіктер пайдалану:*

Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, ашу, есептеу, түсіндіру, қалай суреттеу, болжау, пісіру, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, тәжірибе жасау, шешім қабылдау.

*Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңа жаңа өзіншіліктердің үсінілдіктерін анықтауды.*

Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АК жетекшілігімен:

1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады:

а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет;

б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит).

2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі:

а) өнірде/жақын өнірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма;

б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары.

Осы негізде осы бағыттағы ББ дайындалды.

**АК төрағасы К.И.Усманов:** Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша, келесі оқу жылына білім беру бағдарламамызды жаңарту жұмыстары бойынша ауқымды жұмыстарды бірігіп жасайық. Бүгінгі мәжілісімізде талқыланған жұмыстар ете көп болды. Пікірлерді ортаға салған АК мүшелеріне алғыс айта отырып, мәжілістің шешімін қабылдайық.

Шешім:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылысын.
- 2.Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалансын.
- 3.Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықталсын.
- 4.2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

У.И.Усманов

Хатшы

Ж.С.Еркишева